

Асылжанова Данагуль Ерболовнаның

философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

БЕЙРЕСМИ ПІКІР

Д.Е. Асылжанованың диссертациялық жұмысы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру әдістемесін жасау мен ғылыми тұрғыдан негіздеуге бағытталған өзекті педагогикалық мәселені шешуге арналған. Ізденуші Асылжанова өз тақырыбын терең менгергенін, ғылыми проблеманы нақты тұжырымдап, қазіргі білім беру талаптарына сай дәйекті шешім ұсынғанын көрсетеді.

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі — қазіргі қоғамда шетел тілін еркін менгеріп, оны түрлі қатысымдық жағдаяттарда тиімді қолдана алғын тұлғаны қалыптастыру қажеттілігімен айқындалады. Бұл тұрғыда шетел тілін жүйелі түрде ерте жастан оқыту – цифрлық технологиялар енгізіліп жатқан қазіргі білім беру жағдайында көптілді тұлғаны тәрбиелеудің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық мәні жоғары деңгейде. Асылжанова Д.Е. бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін АҚТ құралдары арқылы қалыптастырудың кезең-кезеңімен жүзеге асатын әдістемесін және моделін әзірлең, оны теориялық тұрғыдан негіздел, тәжірибелі-эксперименттік жұмыстармен дәлелдеген. Диссертацияда бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігіне құрылымдық талдау жасалып, оны қалыптастыру мақсатында «EnglishLab» факультативтік курсының оку-әдістемелік кешені мен авторлық «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралы оқу процесіне енгізілген. Сонымен қатар, оқыту әдістемелерінің ұтымды тандалуы зерттеудің шеттілдік бастауыш білім беру әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосқанын айғақтайды.

Жұмыс ғылыми сауаттылықпен, жүйелі байланысқан құрылымымен, зерттеушілік дербестігімен және ғылыми ойлаудың кемелдігімен ерекшеленеді. Зерттеуде қойылған барлық мақсаттар мен міндеттер толық орындалған, ғылыми болжам расталған, негізгі тұжырымдар дәлелденген.

Зерттеу нәтижелері бойынша Scopus және Web of Science мәліметтер базасына енген басылымдарда, сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда мақалалардың жарық көруі – ізденушінің ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің қалыптасқанын және ғылыми қауымдастықпен жүйелі байланыс орнатып отырғанын айқындайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Асылжанова Данагуль Ерболовна «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты жұмысының негізінде «6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Пікір беруші:

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті
Көптілді білім беру факультеті
Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының
кауымдастырылған профессор, п.ғ.к.

Ә.Д.Абдол

Ә.Д.Абдол

Ә. Абдол

Ә. Абдол	қолын
(қолдарын) растаймын	
Персоналдың басқару және дамыту бөлімінің	
бастырын	<i>Дарын</i>
« <u>13</u> » <u>06</u> <u>20<u>25</u></u> ж.	

